

«Ауыл шаруашылығыдақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарың құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің паспорты

1	Көрсетілетін қызметті беруші	Аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдері мен ауыл шаруашылығы басқармасы.
2	Көрсетілетін қызметті тұтынушылар	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі
3	Көрсетілетін қызметтің нысаны	Қағаз түрінде.
4	Көрсетілетін қызметті ұсыну орны	1. Аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдері.
5	Көрсетілетін қызметті ұсыну тәртібі	1.Аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдері -еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.
6	Қажетті құжаттар	1) Аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдеріне жүгінген кезде: Субсидия алушылардың тізіміне қосу үшін: ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылдың 8 мамырындағы № 4-3/428 «Ауыл шаруашылығыдақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарың құнын субсидиялау» бұйрығының қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш; нөмерін көрсете отырып, банктік шоттың бар екендігі туралы екінші деңгейдегі банктің анықтамасын бір данада ұсынады;
7	Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу	Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

	тәртібі	
8	Көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті берушіге өтінімдерді қабылдау мерзімдерінің аяқталу сәтінен бастап – 41 (қырық бір) жұмыс күні; 2) қажетті құжаттар тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.
9	Көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі	Көрсетілетін қызметті алушылардың банктік шоттарына тиесілі субсидияларды одан әрі аудару үшін қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне төлем құжаттарын ұсыну.
10	Нормативтік-құқықтық актілер	ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылдың 8 мамырындағы № 4-3/428 «Ауыл шаруашылығыдақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарың құнын субсидиялау» бұйрығы
11	Қосымша ақпарат	Интернет ресурстарда www.selhoz - bko.gov.kz «Мемлекеттік қызмет» бөлімінде телефон . (7112) -51-27-42,50-09-79

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдері және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, (немесе) қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдері (бұдан әрі-бөлім) және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану бөлім басшысының немесе аудан (қала) әкімінің атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымда:

жеке тұлға – оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), почталық мекенжайы;

заңды тұлға – оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Шағымға қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінен кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінуге құқылы.